




EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY

Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ ДАЙДЖЕСТ «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің 2026 жылдың 2-тоқсанындағы жетістіктері мен оқиғалары»



ШҚТУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ UNIRANK РЕЙТИНГІНДЕ ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТТЕРІ АРАСЫНДА ҮШІНШІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН 1-ОРЫН ИЕЛЕНІП ОТЫР

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ UniRank халықаралық рейтингінде үшінші жыл қатарынан Қазақстанда 1-орын алып, 2026 жылы әлемдік рейтингте 1670-орынға ие болды.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ– QS STARS ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША 5 ЖҰЛДЫЗ: САПАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОЙЫНДАЛУЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ QS Stars халықаралық рейтингінде ең жоғары баға — 5 жұлдызға ие болып, білім сапасы, ғылым және халықаралық ынтымақтастық бойынша жоғары деңгейін растады.

[Толығырақ](#)



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 7 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТАЦИЯДАН ӨТТІ

Аккредитациялық кеңестің шешімімен Шығыс Қазақстан техникалық университеті Д. Серікбаев атындағы 6 білім беру бағдарламасы 3 жыл мерзімге аккредиттелді.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS 2027 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГІНДЕ.

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті әлемнің үздік жоғары оқу орындарының қатарынан тағы да көрініп, QS World University Rankings 2027 рейтингінде 1036-орынға ие болды және #1001–1200 аралығындағы университеттер тобына енді. QS рейтингіндегі жоғары нәтижелер университеттің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін растайды, оның академиялық беделін нығайтуға, серіктестік байланыстарын кеңейтуге және студенттер, оқытушылар мен жұмыс берушілер үшін тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ ӨКІЛДЕРІ NAWA PROM ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ПОЛЬШАҒА ШАҚЫРТУ АЛДЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенттері мен оқытушысы NAWA PROM Programme for International Scholarship Exchange халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға шақырту алды. Аталған бағдарлама аясында университеттің үш өкілі Польшаның жетекші жоғары оқу орындарының бірі — Мария Кюри-Склодовская университетінде (Maria Curie-Skłodowska University) ғылыми тағылымдамадан өтеді.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ CIEET 2026 КӨРМЕСІНДЕ: БЕЙЖІНДЕ ЖАҒАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ БОЛАШАҒЫМЕН СҰХБАТ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті әлемнің жетекші университеттері, ғылыми-зерттеу орталықтары мен білім беру ұйымдарын жыл сайын біріктіретін ең ірі халықаралық білім беру көрмелерінің бірі — CIEET 2026 көрмесіне қатысты.

[Толығырақ](#)



ФРАНЦИЯ ОЙЛАҒАННАН ДА ЖАҚЫН: УНИВЕРСИТЕТТЕ ЕЛШІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Сапар аясында Елшінің университет басшылығымен ресми кездесуі өтіп, онда екіжақты академиялық және ғылыми ынтымақтастықтың келешегі талқыланды. Оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту, Франция серіктестерімен бірлескен білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды іске асыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

[Толығырақ](#)



ТАУЛАР МЕН ГҮЛДЕР ЖҮРЕГІНДЕ: ТӘЖІКСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ РЕТІНДЕ

ШҚТУ делегациясы 14–17 сәуір аралығында Тәжікстанның астанасы Душанбе қаласында өткен халықаралық іс-шараларға қатысты.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ӨКІЛДЕРІ ҚЫРҒЫЗСТАНДА

2026 жылғы 12–13 наурыз аралығында Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің өкілдері Қырғыз Республикасының Бішкек қаласында өткен Еуразиялық білім беру көрмесіне қатысты. 9–11 сынып оқушыларына университеттің білім беру бағдарламалары мен түсу шарттары туралы ақпарат берілді, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

[Толығырақ](#)



АСТАНАДА RES 2026 ӨНІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТІ БАСТАЛДЫ: ШҚТУ ӨЗІНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МОДЕЛІН ТАНЫСТЫРДЫ

Саммит жұмысына Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті белсене қатысып, өзінің «Green EKTU» тұрақты даму моделін көрсетті. Университет GreenMetric халықаралық рейтингінде Қазақстан көшбасшысы болып табылады және «Таза Қазақстан» бастамасы аясында «2025 жылдың ең жасыл университеті» атанды.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ОҚЫТУШЫЛАРЫ ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АЛҒЫС ХАТТАРЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушылары Қапасова Г.З., Линок С.А. және Садвақасова Ж.А. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын түсіндіру жұмысына белсене қатысып, елдің қоғамдық-саяси өміріне елеулі үлес қосты.

[Толығырақ](#)



ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ ИНЖЕНЕРЛІК БІЛІМ: ШҚТУ АВТОКЕРУЕНІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ МЫНДАҒАН МЕКТЕП ОҚУШЫСЫН БІРІКТІРДІ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің кәсіптік бағдар беру автокараваны Қазақстанның оңтүстік өңірлері бойынша ауқымды турнесін сәтті аяқтап, биылғы жылдың ең жарқын әрі дәстүрден тыс білім беру жобаларының біріне айналды.

[Толығырақ](#)



ЕКТU SCIENCE TALK ТОК-ШОУЫ: ҒЫЛЫМ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ ТІРІ ӨҢГІМЕ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде цифрландыру және жасанды интеллект жылына арналған «Жасанды интеллект және инновациялар: болашақтың жаңа сын-қатерлері мен инженерлік шешімдері» атты студенттердің, магистранттардың, докторанттар мен жас ғалымдардың XII халықаралық ғылыми-техникалық конференциясының салтанатты ашылуы мен пленарлық отырысы өтті.

[Толығырақ](#)



«ЕУРАЗИЯ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР ІСКЕРЛІК ФОРУМЫ: ДАМУ, ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҒЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде жастар кәсіпкерлігін, әлеуметтік-гуманитарлық бастамаларды дамытуға және халықаралық ұнтымақтастықты кеңейтуге бағытталған ауқымды алаң – «Еуразия және Шығыс Қазақстан» халықаралық жастар іскерлік форумы өтті.


[Толығырақ](#)



БІЛІМ МЕН ӨНДІРІСТІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ: ШҚТУ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ХАКАТОНЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде индустриялық серіктес – «АЭС Өскемен СЭС» ЖШС-мен бірлесіп ұйымдастырылған салалық хакатон өтті. Іс-шара Өскемен қаласы мен оған жақын аудандардың мектеп оқушыларын біріктіріп, Қазақстан Республикасындағы Жұмысшы кәсіптер жылына орайластырылды.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ «GLOBAL НАСКАТОМ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН АЛДЫ

25–26 сәуір аралығында Алматыда «Росатом» мемлекеттік корпорациясының қолдауымен «Global NaskAtom» халықаралық студенттік чемпионатының ұлттық кезеңі өтті. Чемпионат инженерлік және ядролық мамандықтарды насихаттауға, сондай-ақ студенттерде атом саласының практикалық-бағдарлы міндеттерін шешу дағдыларын дамытуға бағытталған.

[Толығырақ](#)



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕСІ — ШҚТУ АКТИВІНДЕ!

ЦТЖИМ-нің 2-курс студенті 3-орынды Алматы қаласындағы Қазақстан-Британ техникалық университеті базасында өткен «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» және «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасындағы XVIII Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңінде жеңіп алды.

[Толығырақ](#)



«ЕКТU CUP-2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРІ: ЗАҢ, ОИ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ АЙМАҒЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде елдің ірі интеллектуалдық алаңдарының бірінде Қазақстанның барлық өңірінің студенттерін біріктірген «ЕКТU CUP-2026» республикалық дебат турнирі аяқталды. Іс-шара жоғары ұйымдастыру деңгейін, қаныққан бағдарламаны және заманауи қоғамдық сын-қатерлерге сай терең мазмұнды күн тәртібін көрсетті.

[Толығырақ](#)



УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ҚОЛДАДЫ

Университетіміздің ұжымы мен жоғары IT колледжінің студенттері ел Президенті бастамашылық еткен ауқымды экологиялық «Таза Қазақстан» бастамасына қосылды. Өскемендегі негізгі жиналу нүктесі Жамбыл Жабаев атындағы орталық саябақ болды

[Толығырақ](#)



«DIGITAL NAURYZ – 2026»: БІРЛІК, ДӘСТҮР ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК РУХ АЙМАҒЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде биыл Наурыз мерекесі «DIGITAL NAURYZ – 2026» атты бірегей форматта өтіп, дәстүр, технология және адамдарды бір мәдени кеңістікте біріктірді.

[Толығырақ](#)



ЖАСТАР ҚУАТЫ МЕН ӨНЕР КҮШІ: «СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ – 2026» ФИНАЛЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде студенттік көркемөнерпаздар шығармашылығының 56-фестивалі «Студенттік көктем – 2026» жарқын қорытындыланып, өз жұмысын аяқтады.

[Толығырақ](#)